

Тексеріліп
«Нұрлы» «Мектеп -
бөбекжай - балабақша кешені»
менгеруші
 Ж.С. Бердимбетова.

Ботақан ерте жас тобы

ЕРТЕҢГІЛІК

Тақырыбы: «Ер есімі – ел есінде»

Тәрбиешілер: Раймбаева А.О

Сатынбекова Қ

2020-2021 ж

Тақырыбы: «Ер есімі-ел есінде»

Мақсаты: Балаларға Ұлы Отан соғысы туралы түсініктерін қалыптастыру, «жеңіс» сөзінің мағынасын ұғындыру, соғысқа қатысқан еліміздің батырлары ерліктері туралы бейне баяндар көрсете отырып ерліктерін құрметтеуге баулу

Шаттық шеңбері

Көгершінім қалықтап,
Бейбітшілік төрлесін.
Көгілдір ту қолға ұстап,
Бүлдіршіндер өрлесін.
Шарықтап көк аспанда,
Әсем әні сәнбесін.
-Бүгінгі оқу қызметін керемет өлең шумағымен бастағым келіп отыр,
Жеңіс деген жақсылықтың сыңары,
Жігер менен құштарлықтың құралы.
Күрескердің арманы мен ұраны,
Қуаныш пен мерекенің бұлағы.
«9 мамыр — Жеңіс күні-тарихи күн, тағдырлы күн!»
(Ұлы Отан соғысы туралы слайдтар көрсету, әңгімелеу)

Жеңіске жету жолында қазақстандықтардың асқан ерлігі мен әскери жанқиярлығы Отан соғысы тарихындағы жарқын беттерге айналды. Сондықтан бұл күннің маңызы өте жоғары. Жеңіс үшін шыбын жандарын құрбан еткен бірнеше миллиондаған адамдардың есімдерін есте сақтап, 1418 азапты күн мен түнді болашақ үшін ерен еңбекпен, қайсар ерлікпен өткізгендерін ұмытуға болмайды

-Қазақ елі жеңіске жету үшін үлкен, лайықты үлес қосты.

Бейне баян тамашалау

Бейне баян «Ұлы жеңіске ұлы үлес»

—Ұлы Отан соғысының батырларымыздың жасаған ерліктері мәңгі біздің жадымызда!

Үнсіздік минуты

Жанын қиған сен үшін,

Тоқта досым, сабыр ет.

Үнсіз тұрып бір минут,

Басыңды иіп, тәжім ет.

Ұлы Отан соғысы жауынгерлерін бір минут еске алайық

Екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері әскер қолбасшысы стратег, жазушы Бауыржан Момышұлы аталарымыз бастаған соғыс ардагерлерін ұрпақ мәңгі есінде сақтайды